ҮІӨ мақсаты: Сөйлем, дыбыс туралы білімдерін пысықтау. Сызба бойынша сөйлем құрауларын жетілдіру, сөзді дыбыстық сызбасымен сәйкестендіруді үйретуді жалғастыру.
Дағды: Дауысты, дауыссыз дыбыстардың түрлерін меңгеруге жаттығулар жасату, сөздерді дұрыс айту дағдыларын қалыптастыру.
Күтілетін нәтиже:
Жасайды: сөзді дыбыстық сызбасымен сәйкестендіреді, сызба бойынша сөйлем құрайды.
Түсінеді: сөйлемнің сөздерден құралатынын.

3. Қазақ тілі - коммуникативтік әрекет
Тақырыбы: Көктем келді, құскелді .
ҮІӨ мақсаты: жыл құстардың қазақша атауларымен таныстыру. Жыл құстарды танып дұрыс атау, жаңылтпаштарды айтуға үйрету.
Дағды: Қимылын білдіретін сөздердің мағынасын түсіну және ауызекі тілде қолдануды дағдыландыру. Зат есімдерді жекеше және көпше түрде қолдану дағдыларын қалыптастыру.
Күтілетін нәтижелер:

3. Қоршаған ортамен танысу коммуникативтік, ойын, қимыл белсенділігі
Тақырыбы: Суда тіршілік ететін жануарлар .
ҮІӨ мақсаты: Балалардың балықтар, бақалар мен су жәндіктері және олардың тіршілігі жайлы түсініктерін кеңейту.
Дағды: Табиғат жөнінде қарапайым ғылыми түсінік қалыптастыру, табиғатпен қарым-қатынас мәдениетін қалыптастыру дағдыларын дамыту.
Күтілетін нәтижелер:
Жасайды: балықтардың бірнеше түрін атап береді.
Түсінеді: балықтардың мінез-құлқының тіршілік ету

	Күтілетін нәтиже: Жасайды: жаңа сөздерін қайталайды, сөйлемдерді құрастырады. Түсінеді: маусымдық жұмыстарды түсінеді. Қолданады: сұрақтарға жауап береді, меңгерген сөздермен сөйлем құрайды. Ойлау деңгейі: білу, түсіну, қолдану. Еске түсіру сәт. Өткен тақырыпты қайталауға ойын «Алтын сақа сөз жинайды». Бала сақаны қолына алып, бір сөз айтады, келесі бала сөзді қайталап оған тағы бір сөз қосады. Мысалы: бірінші бала «көктем», екінші бала «көктем, бүршік», т.с.с. Сөздер жиынтығы 2, 3, 4 сөз болуы мүмкін. «Құс келді» тақпағын қайталау. Құс келді Қар су боп жөнелді – Қалды дала жалаңаш. Күн нұрына кенелді, Бүршік атып бар ағаш. (Б.Қозыкеев) Түсіну: Демонстрациялық суретпен жұмыс. Жаңа сөздермен таңыстыру. -Суретте жылдың қай мезгілі бейнеленген? (Көктем). -Көктемде ауланы тазалайды. Таза – тазалайды. -Көктемде не тазалайды? Көктемде ауланы тазалайды. -Мынау – арық. (Суретті көрсетеді). Мынау не?	өрнектерді үйлестіру арқылы балалардың көркемдік талғамын дамыту. Дағды: балалардың шығармашылық қабілетін дамыту; балалардың сәндік-қолданбалы өнер туралы білімдерін жетілдіру, түзу, ирек, жіңішке, жалпақ сызықтарды ырғақты орналастыра отырып, әдемі өрнектер сала білу іскерліктерін бекіту; Күтілетін нәтиже: Жасайды: сурет салу іс-әрекеті арқылы сәукелені әшекейлей алады; Түсінеді: баскімнің ұлттық ерекшеліктерін ажырата біледі, жұмыс барысында бір-бірімен дұрыс қарым-қатынас жасап, адамгершілік, ізгілік қасиеттердің мәнін түсінеді; Қолданады: алдыңғы игерген сурет салу дағдылары мен ептіліктерін. Ойлау деңгейі: білу, түсіну, қолдану. Қолдану: алаша мен текеметтің айырмашылығы жайында өз білгендерін айтады. Сәндік қолданбалы өнер көрмесіне арнайы ұйымдастырылған саяхат жасап, қолөнер бұйымдарымен таныстырады. Суреттерін қарап көреді. Алашаға және оның суретіне балалардың назарын ерекше аударады. Алашаның қандай мақсатта қолданылатынын түсіндіреді. Алашаны тоқу әдісімен, өрмек құра отырып	Қолданады: дыбыстықтарды ажыратады. Ойлау деңгейі: білу, түсіну, қолдану. Ой қозғау: Дидактикалық ойын «Төлін айт» ойынын балалармен ұйымдастыру. 1.Ешкінің төлі – . . . (<i>лақ</i>) 2.Қойдың төлі – . . . (<i>қозы</i>) 3.Сиырдың төлі – . . . (<i>бұзау</i>) 4.Жылқының төлі – . . . (<i>құлын</i>) 5.Түйенің төлі – . . . (<i>бота</i>) Түсіну: Дидактикалық ойын: «Көпше түрін айт» –Мен сендерге допты лақтырып бір сөз айтамын, сендер сол сөздің көпше (көп) түрін айтып допты кері лақтырасындар. Мысалы: <i>қыз-қыздар, ұл-ұлдар, аға-ағалар, дәптер-дәптерлер, қозы-қозылар, жүзім-жүзімдер, орындық-орындықтар, алма-алмалар, қоян-қояндар, түлкі-түлкілер, сақина-сақиналар, дыбысдыбыстар, мысық-мысықтар, қасқыр-қасқырлар, аю-аюлар, жылқы-жылқылар</i> т.б. Дидактикалық ойын: «Тиісті белгіні көтер» Дыбыстар, буындар, сөздер айтады, балалар -и- дыбысын естісе қызыл белгіні көтереді. Кім дұрыс көтереді жұлдызша беріліп отырады, ойын соңында жеңімпаз анықталады. Мысалы: а, р, о, и, м, и, а, к, е, и, т, и, б, ... Бар, ки, сық, ға, ман, ай, пи, ма, па, ға, қай, ти.... Лақ, ит, мал, ау, ми, сөз, тиін, кілем, киіз, түйе, ала, қаймақ... Қолдану: Дидактикалық ойын: «Соңғы дыбысты ұста!» Балалар бүгін біз шеңберде сөз тізбегін жасаймыз. Мен <i>«құмыра»</i>	Жасайды: тақырыпқа байланысты сөздерді қайталайды, жаңылтпашты жай, жылдамқайталайды. Түсінеді: қазақша жыл құстардың атауларын түсінеді. Қолданады: қазақ тіліне тән дыбыстарды ажыратып, сөздерді таба алады, сұрақтарға жауап береді. Ойлау деңгейі: білу, түсіну, қолдану. Түсіну: Жаңылтпашпен таныстыру. Мағынасын түсіндіру. Құс қайтты, қыс келді, Қыс қайтты, құс келді. Суреттермен жұмыс. –Көктемде құстар келеді. –Көктемде не келеді? –Көктемде құстар келеді. Мынау – қараторғай. Мынау не? Мынау – қараторғай. (Жеке, хормен айтып жаттығады). –Көктемде қараторғай келеді. –Көктемде қандай құс келеді? –Көктемде қараторғай келеді. –Мынау – қарлығаш. –Мынау не? –Мынау – ... (қарлығаш). –Көктемде қарлығаш ұшып келеді. –Көктемде ... (қарлығаш) ұшып келеді. Көктемде келетін құстарды жыл құстары дейді. Көктемде келетін	ортасына тәуелділігін біледі. Қолданады: коммуникативтік дағды. Ойлау деңгейі: білу, түсіну, қолдану. Эмоционалдық көңіл күй қалыптастыру. Миға шабуыл: Ертістің ағынымен, Екі жағы, Ертістің бауыры кең, Айдын Ертіс, ақ Ертіс асырауда Айналасын өзінің сауырымен. М.Мақатаев Өлеңде не туралы айтылған? Суды нелер мекендейді? Балалардың қандай балықтарды білетінін сұрайды. Қолдарыңа балық ұстап көрдіңдер ме? Ол қандай болады? Түсіну: суқоймасы мен оны мекендейтіндердің суреті мұқият қарап шығуды сұрайды. Балалардан суқоймаларында тіршілік ететін балықтар, бақалар мен жәндіктер туралы қызықты фактілер айтып берулерін өтінеді. Білу: Балық – суда тіршілік ететін жануар. Оның денесі қабыршақпен қапталған. Олар тек қана суда тіршілік етеді. Балықтар су астында желбезегінің көмегімен тыныстайды. Судағы ауа да ерекше. Суда тіршілік ететін бақалар да, жәндіктер де ондағы ауаны «аулауға» әбден үйренген. Ал, мысалы, жүзгіш қонғыз ауа көбіршіктерін кеуде қуысына салып алып, суға сүнгиді. Суқоймаларын
--	---	---	---	---	---

	Мынау – арық. -Көктемде арықты тазалайды. -Көктемде арықпен не істейді? -Көктемде арықты тазалайды. -Көктемде ағаш отырғызады. (Суретті көрсетеді). -Көктемде не істейді? -Көктемде ағаш отырғызады. Балалар сөздерді, сөйлемдерді қайталайды. Дидактикалық ойын: «Сөйлемді аяқта» Көктемде ағаш ... Көктемде (сөйлемді аяқтау үшін суреттер: ағаштар, гүл, гүлдер көрсетіледі). Көктемде ауланы тазалайды Көктемде Білу: Дыбыстық жаттығу (айнамен орындалады). Ө-ө-ө-ө- көк- көк- көк- көктемӨ-ө-ө-шөп-шөп-шөп Дидактикалық ойын: «Дұрыс па, дұрыс емес пе?». Сөйлем дұрыс болса, «иә» деп жауапберіп сөйлемді қайталайды. Сөйлем құрлымы қате болса, сөйлемді дұрыстап айтады. Көктемде гүл өседі. Көктемде көгөніс піседі. Көктемде отырғызады ағаш. т.с.с.	жасау әдістеріне тоқталып өтеді. Балалар бояу түстерін және ою-өрнек элементтерін таңдайды. Оны қағаз бетіне қалай орналастыруға болатыны жайлы ойланады. Өрнектерді салу жолдары көрсетіліп, ортасынан шеттеріне, оң және сол жақтарға симметриялы салу қажеттілігі түсіндіріледі. Түсіну: Балаларға көркемөнер туындыларын (ұлттық баскиімдер) көрсетіп, әңгіме құрап айтқызу. Ою-өрнек әшекейлеріне, ер кісілер мен әйелдер, қыздар киетін баскиімдердің ерекшеліктеріне тоқталып өту. Қыз бала қалыңдық болғанда киетін сәукеле жайында әңгімелесу. Білу: Бүгін біз қалыңдықтың баскиімі – сәукелемен толығырақ танысамыз. Сәукеле – қыз бала тұрмысқа шыққанда киетін баскиім, ол арнайы басылған ақ киізден немесе арасына қыл салынып, сырған матадан жасалады. Сәукеленің төбесі конус пішінді болып келеді. Оны асыл тас, алтын, күміс, маржанмен өрнектеп, алтын жіппен әшекейлейді. Ең жоғарғы төбесіне үкі қадайды.	сөзін айтып бастаймын да, соңғы «а» дыбысын созып тұрамын, келесі бала соңғы дыбыстан басталатын сөз ойлап, қолмен ұстағандай қимыл жасайды, соңғы дыбысқа жаңа сөз айтып, соңғы дыбысты созып айтады. Балалар созып айтқан дыбысқа сөз айтып, ойынды жалғастырады (ойын осылай жалғасын табады). Мысалы: <i>Құмырааа - алмааа - айраннн - наррр - раушаннн - найзағайй - инеее - ешкііі - іззз - зырылдаууу - қамшыыы - ыдыссс - сағаттт - тасбақааа - алтыбақаннн - наннн - намыссс - сазаннн - нағашыыы - ысқырықққ - қантттт т.б.</i> Білу: Саусақ жаттығуы Саусағымыз айқасып, «Жеңемін» деп шайқасып, Бірін-бірі тартады. Білекке сенім артады.	құстарды қалай атайды? Көктемде келетін құстарды жыл құстары дейді. Шағын мәтінді оқиды. Көктемде келетін құстарды жыл құстары дейді. Жыл құстары: қарлығаш, қараторғай. Құстар – адамға дос. Оларға біз де қамқор болуымызкерек. Балалар қайталайды. Қолдану: Дыбыстық жаттығу (айнамен орындалады). Ұ-ұ-ұ-ұя – ұя – ұя Дидактикалық ойын: «Ұ» дыбысы бар ма, жоқ па». Сөздерді айтамын, балалар «иә»,«жоқ», – деп жауап береді. Сөздер: үстел, тақта, аю, жануар, құс, жұмыс, ұя, көктем,шөп. Білу: Ойын «Біреу – көп» Бір және бірнеше құстың суретін көрсетіп, оны өзі айтады. Құс – құстар. Қарлығаш – қарлығаштар. Қараторғай – қараторғайлар. (Балалар қайталайды).	мекендейтіндердің де пайдасы көп. Олар суды тазартады, оның мөлдір болуына ықпал етеді, құрап қалған өсімдіктерді жейді, судың түбін тазалайды. Қуаныштың суқоймасын мекендейтіндердің қалай қозғалатынын көрсету туралы өтінішін орындауға шақырады. Қолдану: Сергіту сәті Қимыл-қозғалыс жаттығуларын орындайды. Бақа, бақа, балпақ, Басың неге жалпақ? Темір телпек көп киіп, Басым содан жалпақ. Бақа, бақа, балпақ, Көзің неге тостақ? Қырдан алыс көп қарап, Көзім содан тостақ.
--	---	--	---	--	--

3 үзіліс

Балалардың дербес іс-әрекеті

Іс – әрекет арқылы балаларды әр түрлі мамандықпен таныстыру,еңбекті құрметтеуге дағдыландыру,өз еліне пайдалы бола білуге тәрбиелеу.



Ұлттық ойын: «Тымақ ұру»

Мақсаты: Өмірде белсенді болуға, алға қойған мақсатты орындауға үйрету, қимыл-қозғалыс қабілеттерін дамыту. Балаларды шапшаңдыққа, жылдамдыққа, төзімдікке, салауатты өмір салтына тәрбиелеу.

Ойынның шарты: “Тымақ ұру” ойыны үшін газеттен жасалған “тымақ” та жарай береді. Оған қоса биіктігі бір метрдей қада, белбеу мен орамал қажет. Қаданы мәреден 20 қадамдай жерге қағып, соның басына тымақ кигізіледі. Ойыншының көзі орамалмен байланып, қолына белбеу ұстатылып, мәреден жіберіледі. Ол көзі ашық кезде көрген зердесіне сүйене отырып қазықты тауып, белбеумен соның басына кигізілген бас киімді ұрып түсіруі керек.

4-ші ұйымдастырылған іс - әрекеті

4. Дене шынықтыру- қимыл белсенділігі

Тақырыбы: Мұздағы ойын.

ҮІӨ мақсаты: Түрлі қимыл әрекеттерді орындағанда тізбектегі өз әрекетін өзге ойыншыларының қимылдарымен үйлестіре білуін қалыптастыру. Жағдайдың өзгеруіне қарай бағытты өзгерте алуды жалғастыру.

Дағды: Көзмөлшерін, заттарды имек ағашпен алып жүргенде зейінін шоғырландырып, тұрақтандыруын, шайбаны соғу дағдыларын дамыту.

Күтілетін нәтиже:

Жасайды: имек ағаш пен түрлі тактикаларды пайдаланып целлулоид шарларды алып жүру, шайбамен кегельдерді соғып түсіру.

Түсінеді: геометриялық фигуралардың ерекшеліктерін, түрлі қимыл-қозғалыстар кезіндеөзінің әрекеттерін басқалармен үйлестіруді.

Қолданады: кеңістікті

4. Музыка- шығармашылық әрекет

Тақырыбы: Ғарыш әлеміне саяхат.

ҮІӨ мақсаты:

Дидактикалық ойындар арқылы балалардың есту қабілеттерін арттыру. Музыкалық мәнерлілік құралдары мен сипатын егжей-тегжейлі ажырату қабілетін дамыту.

Дағды: Динамикалық ерекшелікті көрсете отырып, эмоционалды түрде ән айту, тынысты дұрыс алуға дағдыландыру.

Күтілетін нәтиже:

Жасайды: эмоционалды түрде ән айтады, тынысты дұрыс алады.

Түсінеді: ғарыш және ғарышкерлер туралы мағлұматты түсінеді.

Қолданады: музыканың сипатына сәйкес қозғалады; музыкалық аспаптарда ойнайды.

Ойлау деңгейі: білу, түсіну, қолдану.

4. Дене шынықтыру - ойын әрекеті, қимыл белсенділігі

Тақырыбы: Спорт түрлері.

ҮІӨ мақсаты: Қимыл әрекеттерді еркін орындауға, қалашықты ұратын таяқтың жер бауырлап ұшуына екпін беруге үйрету. Допты бір-біріне басынан асырып лақтыру, бір-біріне жоғарыдан алдыға қарай шұғыл лақтыруды жалғастыру.

Дағды: Кең адымдап жүгіру, бір-біріне допты кеудеден қағып алып, кеудеден лақтырып беру, тепе-теңдік сақтау – гимнастикалық ұзын орындықпен бір аяғын бүгіп барып, екінші аяғын орындықтың қасымен айналдырып әкеліп аттап жүру дағдыларын, 3 метр қашықтықтан қалашықты қағып түсіру қабілетін, ептілікті, төзімділікті, ойлауды, майысқақтықты дамыту.

Күтілетін нәтиже:

Жасайды: қалашықты 3

4. Музыка- шығармашылық әрекет

Тақырыбы: Ғарыш әлеміне саяхат.

ҮІӨ мақсаты:

Дидактикалық ойындар арқылы балалардың есту қабілеттерін арттыру. Музыкалық мәнерлілік құралдары мен сипатын егжей-тегжейлі ажырату қабілетін дамыту.

Дағды: Динамикалық ерекшелікті көрсете отырып, эмоционалды түрде ән айту, тынысты дұрыс алуға дағдыландыру.

Күтілетін нәтиже:

Жасайды: эмоционалды түрде ән айтады, тынысты дұрыс алады.

Түсінеді: ғарыш және ғарышкерлер туралы мағлұматты түсінеді.

Қолданады: музыканың сипатына сәйкес қозғалады; музыкалық аспаптарда ойнайды.

Ойлау деңгейі: білу,

4. Дене шынықтыру - ойын әрекеті, қимыл белсенділігі

Тақырыбы: Спорт түрлері.

ҮІӨ мақсаты: Қимыл әрекеттерді еркін орындауға, қалашықты ұратын таяқтың жер бауырлап ұшуына екпін беруге үйрету. Допты бір-біріне басынан асырып лақтыру, бір-біріне жоғарыдан алдыға қарай шұғыл лақтыруды жалғастыру.


Дағды: Кең адымдап жүгіру, бір-біріне допты кеудеден қағып алып, кеудеден лақтырып беру, тепе-теңдік сақтау – гимнастикалық ұзын орындықпен бір аяғын бүгіп барып, екінші аяғын орындықтың қасымен айналдырып әкеліп аттап жүру дағдыларын, 3 метр қашықтықтан қалашықты қағып түсіру қабілетін, ептілікті, төзімділікті, ойлауды, майысқақтықты дамыту.

Күтілетін нәтиже:

Жасайды: қалашықты 3 метр қашықтықтан ұрып жығу, зат бейнесін елестетіпорындалатын бұлшық ет релаксациясына

	бағдарлау, жағдайларға байланысты қозғалыс кезінде бағыттыөзгерте алу дағдыларын. Ойлау деңгейі: білу, түсіну, қолдану. Қолдану: «Түсіріп алма!». Бір затты алаң бойымен жұпта, сүйем қадам аттай отырып алып жүру ұсынылады. Балалар екі-екіден бір-біріне қарап тұрады. Имек ағаштарына екеуіне ортақ бір затты қойып, алаңның екінші жағына бірігіп жеткізеді. Әрекеттерін үйлестіріп, затты түсіріп алмауға тырысады. Түсіну: «Мұздағы кегельдер». Алаңқайдың ортасында кегельдер тұр. Ойыншылар кегельге шайбаны имек ағаштарымен атып, тигізуге тырысады. Имек ағашты дұрыс ұстауларын еске салу керек: бір қолымен (күші басымдау) имек ағаштың ұшынан, екінші қолымен (күші аздау) имек ағаштың ортасына таман ұстап, шайбаны осы қолымен бағыттау. Шайбаны соққанда имек ағаштың астыңғы қыры толық мұз бетінде жататындай етіп ұстауға тырысады. Білу: Көзгеарналғанжаттығулар (И.В.Чупаха) 1.Көз қарашығын оңға, солға, жоғары, төмен айналдырып қозғалту. 10–20 секундқа татты қысып жұмып тұрып, бұлшық еттерін босатып, көзін ашу. Көздіңүсті-астын саусақтың жұмсақ жерімен ақырын уқалу.	«Көңілді әуен»әдісімен Балалар марш екпінімен түзу жүріп, ойнақы, көңілді әуеннің ырғағына бір аяқпен келесі аяққа секіртпелі қимыл жасап, бір қырымен аяқтарды бір-біріне тигізе секіріп (боковой галоп), қимылдар жасайды. Қолдану: Музыкалық-ырғақтық қимылдар: «Көңілді би» (И. Штраус). Балалармен би қимылдарын көңілді, жеңіл, ойнақы билеу. Білу: Музыка тыңдау: «Айды әперші, апатай» (Е. Өміров). Әннің мәтінін орындап болған соң, балалармен әңгіме жүргізу. Балаларға 12 сәуір – Ғарышкерлер күні екенін айтып, интерактивті тақтадан ғарыш әлеміне саяхат жасап, ғарышкерлермен таныстыру. Ғарышкерлердің суреттерін көрсету. Ғарыш аймағы орналасқан Байқоңыр қаласы туралы атап өту. Ән айтар алдында дауыс жаттығуын жасап, әуенді таза айтуға ұмтылу. Түсіну: Ойын: «Қанша дыбыс» ойыны («Дидактикалық ойындар» жинағынан). Балалардың есту қабілетіне арналған ойынды балаларға жеткізе білу. Ойналып отырған дыбыстың нешеу екенін анықтау. Музыкалық аспапта ойнау: «Тамшылар» румын халық әні (өңдеген Т. Попатенко). «Тамшы» деген сөздің	метр қашықтықтан ұрып жығу, зат бейнесін елестетіп орындалатын бұлшық ет релаксациясына арналған жаттығулар. Түсінеді: спорт түрлерін атау, спорттың денсаулыққа келтірер пайдасын саналы түсінеді,допты жұбының қолына лақтырып беру, доптан көз алмай қимылдау, нұсқауға қарама- қарсы қимылдарды орындау. Қолданады: жүрістің түрлі техникасын орындау дағдыларын, сапқа тұру, қайта сап құру,Кең адымдап жүгіру, жалпы дамыту жаттығуларын жасау, кеңістікті мөлшерлеп, барлай білу. Ойлау деңгейі: білу, түсіну, қолдану. Қолдану: Негізгі қимылдарды орындау. Үлкен қадамдар аттап жүгіру. Үлкен қадамдар аттап, бірінен кейін бірі қойылған заттардан секіріп жүгіреді. Жерден көтерілуге дайындалып, уақытылы қолдарын сермеп көмектеседі. Түсіну: «Баскетбол» Допты бір-біріне кеудеден лақтырып беру. Нұсқау – допты қағып алғанда мұқият болу керек, допты ұшып келе жатқанда көздеп, арақашықтықты тез мөлшерлеп, қажетті жаққа қозғалып, қағып алуға дайын тұру. Бір-бірінен 3 м қашықтыққа сап түзейді. «Гимнастика»	түсіну, қолдану. «Көңілді әуен»әдісімен Балалар марш екпінімен түзу жүріп, ойнақы, көңілді әуеннің ырғағына бір аяқпен келесі аяққа секіртпелі қимыл жасап, бір қырымен аяқтарды бір-біріне тигізе секіріп (боковой галоп), қимылдар жасайды. Қолдану: Музыкалық-ырғақтық қимылдар: «Көңілді би» (И. Штраус). Балалармен би қимылдарын көңілді, жеңіл, ойнақы билеу. Білу: Музыка тыңдау: «Айды әперші, апатай» (Е. Өміров). Әннің мәтінін орындап болған соң, балалармен әңгіме жүргізу. Балаларға 12 сәуір – Ғарышкерлер күні екенін айтып, интерактивті тақтадан ғарыш әлеміне саяхат жасап, ғарышкерлермен таныстыру. Ғарышкерлердің суреттерін көрсету. Ғарыш аймағы орналасқан Байқоңыр қаласы туралы атап өту. Ән айтар алдында дауыс жаттығуын жасап, әуенді таза айтуға ұмтылу. Түсіну: Ойын: «Қанша дыбыс» ойыны («Дидактикалық ойындар» жинағынан). Балалардың есту қабілетіне арналған ойынды балаларға жеткізе	арналған жаттығулар. Түсінеді: спорт түрлерін атау, спорттың денсаулыққа келтірер пайдасын саналы түсінеді, допты жұбының қолына лақтырып беру, доптан көз алмай қимылдау, нұсқауға қарама- қарсы қимылдарды орындау. Қолданады: жүрістің түрлі техникасын орындау дағдыларын, сапқа тұру, қайта сап құру,Кең адымдап жүгіру, жалпы дамыту жаттығуларын жасау, кеңістікті мөлшерлеп, барлай білу. Ойлау деңгейі: білу, түсіну, қолдану. Қолдану: Негізгі қимылдарды орындау. Үлкен қадамдар аттап жүгіру. Үлкен қадамдар аттап, бірінен кейін бірі қойылған заттардан секіріп жүгіреді.Жерден көтерілуге дайындалып, уақытылы қолдарын сермеп көмектеседі. Түсіну: «Баскетбол» Допты бір-біріне кеудеден лақтырып беру. Нұсқау – допты қағып алғанда мұқият болу керек, допты ұшып келе жатқанда көздеп, арақашықтықты тез мөлшерлеп, қажетті жаққа қозғалып, қағып алуға дайын тұру. Бір-бірінен 3 м қашықтыққа сап түзейді. «Гимнастика» Тепе-теңдік сақтау – гимнастикалық ұзын орындықпен бір аяғын бүгіп, екінші аяғынорындықты жанай айналдырып барып аттап жүру. Гимнастикалық ұзын
--	---	---	---	--	---

	2.Көздің үсті-астын, айналасын, қастарының үстінен ақырын сипау. (Бұл қимылдар рахат сыйлап, ұйқыны келтіреді). 3.Қабырғаға қарап 2–5 метр қашықтықта тұру. Қабырғадан бір-бірінен 50 см қашықтықта, бірінің астында бірі тұрған екі нүктені белгілеп, сол нүктелердің бірінен екіншісіне көзден жол салу. 4.5 метр қашықтықтан 10–20 секунд бойы бір нүктеге қарап, тамашалау (йоганың тынығу тәсілдерінің бірі) Көзді жұмып, бірақ бос ұстап, көзді ішінен жоғары қозғалту. Көздің үстіңгі қабығы өзі төменге түсе бастайды. Бастапқы қалыпқа келтіру. Бірнеше рет қайталағанда, тыныштық орнағанын сезінеді.	мағынасын түсіндіріп, тамшылар қай кезде таматынын, қайдан пайда болатынын түсіндіріп, музыкада сол дыбысты келтіру.	Тепе-теңдік сақтау – гимнастикалық ұзын орындықпен бір аяғын бүгіп, екінші аяғын орындықты жанай айналдырып барып аттап жүру. Гимнастикалық ұзын орындықпен бір аяғын бүгіп, екінші аяғын орындықты жанай айналдырып барып аттап жүреді. «Қалашық» Балаларды ойын ережелерімен және қажетті жабдығымен таныстыру: «Қалашық» – ерекше тәсілмен жиналған арнайы фигуралар. Олар цилиндр пішінді 5 қысқа таяқшадан тұрады. Ойын шарты бойынша бес-бес таяқшадан 15 фигура құрылады. Ұратын таяқшаны жер бауырлап ұшатындай етіп лақтырудың ойындағы ең басты шарты екендігін естен шығармай, балаларға жеткізе білу керек. Білу: «Ұшатын шар» Мұрынмен терең дем алу. «Сендердің іштерің – ұшатын шар. Терең тыныс алған сайын, шарларың үлкейе береді. Енді ауызбен демімізді баяу шығарамыз, шардағы ауа ұшып кеткенін келтіреміз. Аздап үзіліс жасап барып, 5-ке дейін санап, қайталаймыз». Тыныс алу кезінде ауаның өкпеден, кеңірдек пен ауыздан шығуын сезінуге тырысу керек. Баяу, терең демалып,	білу. Ойналып отырған дыбыстың нешеуі екенін анықтау. Музыкалық аспапта ойнау: «Тамшылар» румын халық әні (өңдеген Т. Попатенко). «Тамшы» деген сөздің мағынасын түсіндіріп, тамшылар қай кезде таматынын, қайдан пайда болатынын түсіндіріп, музыкада сол дыбысты келтіру.	орындықпен бір аяғын бүгіп, екінші аяғын орындықты жанай айналдырып барып аттап жүреді. «Қалашық» Балаларды ойын ережелерімен және қажетті жабдығымен таныстыру: «Қалашық» – ерекше тәсілмен жиналған арнайы фигуралар. Олар цилиндр пішінді 5 қысқа таяқшадан тұрады. Ойын шарты бойынша бес-бес таяқшадан 15 фигура құрылады. Ұратын таяқшаны жер бауырлап ұшатындай етіп лақтырудың ойындағы ең басты шарты екендігін естен шығармай, балаларға жеткізе білу керек. Білу: «Ұшатын шар» Мұрынмен терең дем алу. «Сендердің іштерің – ұшатын шар. Терең тыныс алған сайын, шарларың үлкейе береді. Енді ауызбен демімізді баяу шығарамыз, шардағы ауа ұшып кеткенін келтіреміз. Аздап үзіліс жасап барып, 5-ке дейін санап, қайталаймыз». Тыныс алу кезінде ауаның өкпеден, кеңірдек пен ауыздан шығуын сезінуге тырысу керек. Баяу, терең демалып, куаттанып, көңілдене бастағанымызды байқаймыз. Дем алу, дем шығару фазаларын сақтайды. Тренинг сөздерін қайталап, қимылдарды жасайды. «Жаттығуға ерінбе, Өмір көзі – шынығу. Ауруды ұмытайық! Күш салайық, шынығайық!»
--	--	---	---	---	--

			куаттанып, көңілдене бастағанымызды байқаймыз. Дем алу, дем шығару фазаларын сақтайды.		
4 үзіліс Балалардың дербес іс-әрекеті Қимылдық – баланың әртүрлі қимыл белсенділігінің түрлері мен мазмұнын тиімді үйлестіру					
		Ойын: Ұлттық ойын "асық ату", «Ханталапай» ойыны. Мақсаты: Оқушылардың денсаулығын, ой-өрісін, икемділігін, шапшаңдылығын, ұлттық ойынға қызығушылығын дамыту. Ойынның шарты: Ал, «Ханталапай» ойыны бүкіл қазақ жеріне кең тараған. Ойынға екеуден он адамға дейін қатысады. Асықтың көп болғаны жақсы. Көп асықтың ішінде біреуін қызыл түске бояйды. Сол асық «хан» деп аталады. Ойынды бастайтын бала асықтың бәрін қос уысына жинап алып, отырған балалардың алдына шашып жібереді. Балалар «ханның» қалай түскенін бақылап отырады. Егер «хан» бүк, шік, не тәйкі түссе, ойын бастаушы бала «ханның» түсуіне қарай жақын жатқан асықтарды бас бармақтың көмегі арқылы сұқ саусағымен итере ыршытып бір-біріне дәл тигізуі қажет. Тигізген асықтарды ол өзіне алады. «Ханды» жатысы «хандікіндей» ең соңғы асықпен ғана атып алады. Сондықтан асықтарды атқан кезде есепке, дәлдікке, мергендікке жүгінуге тура келеді. Ойын бастаушы баланың қолы басқа асықтарға тиіп кетсе, сондай-ақ атқан асығы басқа асыққа барып тисе, ойынды келесі бала жүргізеді. Ал, «хан» алшы түссе, балалар жарыса «хантаалапай» деп дауыстап, «ханды» өз қолына түсіруге тырысады. «Хан» кімнің қолына түссе, сол бала жеңіске жеткен болып есептеледі. Онда ойынды сол бала қайта бастайды.			
					
Баланың жеке даму картасына сәйкес жеке жұмыс	Сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен таныстыру - танымдық, коммуникативтік әрекет Ұлыстың Ұлы күні Наурыз туралы сурет бойынша өз ойларымен бөлісу, айытқызу. (Арнұр, Нұрым, Шахнұр)	Математика негіздері – коммуникативтік, танымдық, еңбек әрекеті Дидактикалық ойын: «Геометриялық пішіндер» Мақсаты: Талдау, салыстыру, қарапайым тұжырымдар жасау, зейін, жады мен ауызша сөйлеу дағдысын дамыту.	Сөйлеуді дамыту – коммуникативтік, танымдық әрекет «Менің сүйікті асығым» сурет бойынша әңгіме құрастырту. Мақсаты: сұрақтарға толық жауап беруге үйрету	Көркем әдебиет - коммуникативтік, танымдық әрекет «Киіз үй құрал жабдықтары» киіз үй құрал жабдықтары берілген. Арасынан киіз үй құрал жабдықтарын таба білу. Мақсаты: Талдау және біріктіру қабілетін, сөздік, тілдік кеңістік ара қатынастарының заңдылықтарын құру, үлгіні көшіру іскерлігін дамыту.	Қоршаған ортамен таныстыру – коммуникативтік әрекет (Баланың отбасы және қоғам) Наурыз нақыштары туралы әңгімелесу. Сурет бойынша өз ойын айытқызу. Адия, Шахнұр
Сөйлеуді дамыту – коммуникативтік, танымдық әрекеттер, өзіне-өзі қызмет көрсету					

Серуенге дайындық	Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету.	Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету.	Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету.	Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету.	Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету.
«Табиғат аясында» Серуен. Танысу, ойындар, еңбек. «Алақай, ойын!»	Наурыз Серуен-Бақылау №8 Табиғат өзгерістерді бақылау . Мақсаты: — Табиғаттағы көктемгі өзгерістер туралы түсініктерін қалыптастыру; — айнала қоршаған ортадан көктем өзгерістерін көре білуге үйрету; — табиғатты бақылауға деген қызығушылығын арттыру, қамқор болуға тәрбиелеу. Бақылау барысы Тәрбиеші: Балалар, мені тыңдаңдар, қазір мен сендерге өлең оқимын, сендер жасырынған сөздерді табындар. Жауған қарымен, ... құнар береді. (кыс) Үлкендер қарбалас, ... дән себеді. (көктемде) Бақ пенен бақшаны, ... баптап өсіреді. (жазда) Дихандар жемісін, ... жинап береді. (күзде) Тәрбиеші сұрақтары: *Өлеңде қандай жыл мезгілдері туралы айтылған? *Қазір жылдың қай мезгілі? *Көктемнің алдында қай мезгіл болды? *Көктемнің келуімен табиғатта қандай өзгерістер болады? *Қазір айналадан қандай	Наурыз Серуен-Бақылау №9 Бұлттарды бақылау Мақсаты: әлемді жалпы түсінудің негізі ретінде жер мен аспанды біртұтас деп ұғынуды қалыптастыруды жалғастыру. Бақылау барысы Көркем сөз «Бұлт» Ә. Ақыпбекұлы Бұлттың қайда тұрағы, Біле алмадым мұны әлі. Білерім көк аспанның Бұлт көшпелі бұлағы. Тәрбиеші балаларға сұрақ береді. ♦ Аспанға қарандар, не көріп тұрсындар? ♦ Бүгінгі бұлттар қандай? ♦ Қалай ойлайсындар, бүгін қар немесе жаңбыр жауады ма? ♦ Бұлт қай бағытқа жүзіп барады? Еңбек Бүлдіршіндердің алаңындағы сырғанақ құрылысының орнын тазалауға көмектесу Мақсаты: бірлесіп жұмыс істеуді, жасалған жұмыстан рахат алуды үйрету. Кішкентайларға көмектесуге дайын болуға тәрбиелеу. Қимылды ойын «Үйсіз қоян». Мақсаты: — бір-біріне соқтықпай жүгіре білуді үйрету; — жылдамдыққа және шыдамдылыққа тәрбиелеу. Жеке жұмыс Жаңылтпаш айту: «Ала бұлт ақ па,	Наурыз Серуен-Бақылау №10 Күнді бақылау Мақсаты: күн энергиясының адамдар, өсімдіктер және жануарлар өміріне әсері туралы білімдерін бекіту. Бақылау барысы Тәрбиеші жұмбақтар жасырады: Үлкен алтын табақтан, Әлемге нұр таратқан. (күн) <i>Алауға оранып, Көкке өрлеп шығады. Бір айналып оралып, Көкжиекке бұғады. (күн)</i> Күн биікке көтерілген сайын, күн жылы әрі ұзақ болады. Күннің жылуынан қар ериді, жер жылиды. Шөптер өсе бастайды. Ағаштар бүршік жарады. *Табиғатта тағы қандай өзгерістер болады? *Күн қай жақтан шығады? *Қай жаққа батады? *Жарқырап тұрған күнге тура қарауға бола ма? *Неге? Зерттеу қызметі Ағаш, пластмасса, металл заттарға қол тигізіп қарау, қайсысын күн көп қыздырады? Қандай заттар тез қызады, қоңыр түсті ме, әлде ашық түсті ме? Күннің көзіне ұзақ уақыт қандай заттың көмегімен қарауға болады? (қоңыр	Наурыз Серуен-Бақылау № 11 Ұшып келген құстарды бақылау Мақсаты: көктем құстары жайлы білімдерін бекіту. Құстарға деген қамқорлыққа тәрбиелеу. Бақылау барысы Көркем сөз «Ұя» Қ.Баянбаев Ұя жасап тақтайдан, Талға апарып байладым. Жыл құсының шаттанған, Күттім қашан сайрауын. Сол ұяны талдағы, Қараторғай мекендеп, Күні бойы сайрады, Жылы пәтер екен деп. Балаларға сұрақтар: *Балалар сендер қандай құстарды білесіңдер? *Жыл құстары деп неге айтамыз? *Құстар неге жылы жаққа ұшып кетеді? *Құстар туған жеріне қай уақытта ұшып келеді? *Ауламызға ұшып келген құстарға қандай қамқорлық жасау керек деп ойлайсындар? Дидактикалық тапсырма: Құстарды топқа бөл. Мақсаты: құстар суреттерін қыстап қалатын құстар және жыл құстары тобына бөліп, ұяларға орналастыру. Еңбек: Гүл егетін орынды тазалап, гүл отырғызуға	Наурыз Серуен-Бақылау № 12 Бұлттарды бақылау Мақсаты: өлі табиғат құбылыстары туралы білімдерін тиянақтау, табиғатты бақылауға деген қызығушылықтарын арттыру. Бақылау барысы. Көркем сөз. «Бұлт» Ө. Ақыпбекұлы Бұлттың қайда тұрағы? Біле алмадым мұны әлі. Білерім көк аспанның, Бұлт-көшпелі бұлағы. Тәрбиеші сұрақтары. ♦Бұлт дегеніміз не? ♦Бұлттардың түсі қандай болады? ♦Бұлттар неден тұрады? (сан жетпейтін су тамшыларынан немесе мұз түйіршіктерінен.) ♦ бұлттардың қандай түрлерін білесіңдер? (түйдек бұлттар, шарбы бұлттар, қат-қабат бұлттар, түнерген найзағайлы бұлттар) ♦ Неге түйдек бұлттар дейміз? (олар аспанда түйдек-түйдек болып тұрады) ♦ Шарбы бұлттар неге ұқсады? (ақ ұлпаға, мамыққа, жақсылап аңғарып қарасаң олардан таныс бейнелерді көруге болады) ♦ Ең үлкен бұлттар қай бұлттар? (түнерген

	өзгерістерді көруге болады? Зерттеу жұмысы: Балабақша ауласынан күннің жылуымен еріген қар суын (қар айналасындағы ылғалды жер) табу, оның неге ерігенін әңгімелеу. (көктемде күн шуағы молаяды, күн көзі көп түскен жердегі қар жібиді де, ылғал пайда болады) Еңбек Гүл егетін жерді тазалау. <i>Мақсаты:</i> Еңбекке деген оң көзқарастарын тәрбиелеу. Қимылды ойын: «Кім жылдам?». <i>Мақсаты:</i> жүкіруге жаттықтыру, жылдамдықтарын дамыту. Жаттығу ойыны: Орнында тұрып биіктікке секіру. Мақсаты: секіре білу дағдыларын дамыту, жылдамдықтары мен күштерін есептей білу.	Ақ бұлт ақ па? Ала бұлт ақ емес, Ақ бұлт ақ» «Анау арал қай арал, Қайыңды арал, талды арал» Жұмбақ: Етек-жеңі жиналмай, Дауыл тұрса дым қалмай, Түйдектеліп көшеді, Тоз-тоз болып өшеді. (бұлт)	<i>түсті әйнекпен)</i> Еңбек Ойын алаңы айналасындағы жолдарды тазалауға аула тазалаушыға көмектесу.. Мақсаты: үлкендерге көмектесуге деген ынталарын дамыту. Қимылды ойын «Күн мен түн». Мақсаты:күн мен түннің айырмашылығы жайлы білімдерін тиянақтау, берілген белгі бойынша әрекет етуге баулу. Жаттығу ойыны Орнында тұрып ұзындыққа секіру. Мақсаты:секіре білулерін, күштері мен көз өлшемдерін дамыту. Мақал-мәтел: Сәуір болса күн күркірер, Күн күркіресе, көк дүркірер. Сәуірдегі жауын-сауып тұрған сауын.	дайындау. Мақсаты: бірлесе жұмыс істеуге деген құпшыныстарын арттыру. Қимылды ойын: «Ұшты ұшты» Мақсаты: зейіндерін дамыту, байқампаздыққа, тез ойлап, тез шешім қабылдауға үйрету. Жеке жұмыс Жаңылтпаштар жаттау: Үйір, үйір үйректі, Қаз маңғаз, Үйірге кім үйретті? Маңғаз қаз. Үйір, үйір үйректі, Әр кез маңғаз, Үйірге өзім үйреттім. Қаз маңғаз. Мақсаты: сөздік қорларын байыту. Тыйым сөздер: Құс ұясын бұзба. Құсқа тас атпа. Құс жұмыртқасын сындырма. Мақал мәтел: Бабасы еккенді, баласы орады. Сәуір айы су айы, мамыр айы гүл айы. Дана көптен, дәрі шөптен	найзағайлы бұлттар) ♦ Қандай бұлттар жаңбыр әкеледі? (түйдек бұлттар, түнерген бұлттар) ♦Бұлттар неліктен аспанда жүреді? (оларды жел қуады) Зерттеу жұмысы Аспандағы қандай бұлттар екенін анықтау. Бір нәрсеге (өлі және тірі табиғатқа жататын) ұқсайтын бұлттарды табу. Еңбек Алаңды егу жұмыстарына дайындау; қоқыстарды жинау, сыпыру. Мақсаты: бірлесе жұмыс істеуге деген ынталарын қалыптастыру.. Қимылды ойын: «Қасқыр қақпан». Мақсаты: ойын ережесін түсініп, шартын сақтап ойнауға, ептілікке, алғырлыққа баулу. Жеке жұмыс Математикалық жаттығулар. Мақсаты: тақ және жұп сандарды санай білу дағдыларын жетілдіру. Халық болжамы. Ерте көктемде найзағай ойнап, күн күркіремесе, жаз құрғақ болады.
--	--	--	--	--	---

Балаларды үйге қайтару.

«Сау бол, мектеп!» Ата-аналар мен әңгімелесу. Балаларды үйге қайтару.	<i>Ата –аналарға кеңес</i> - баланың «социалдық көкжиегін» кеңейтіңіз, ауладағы өзімен құрдас балалармен көбірек ойнатыңыз, жолдастарына қонаққа барсын, әжесінде қонуға қалсын т.с.с. Осындай тәжірибе жинақтаған бала өз құрдастары мен үлкендер арасында тез үйренісіп, тіл табысатын болады.	<i>Ата –аналарға кеңес</i> Ешқашан балаға қол жұмсамаңыз. Қиын жағдайда үнемі бірге болыңыздар	<i>Ата –аналарға кеңес</i> - үйдегі жағдайда баланың өзіне - өзі қызмет студің алғы шарттарына үйрете беріңіз: жуыну, қолын сүрту, шешіну, өз бетімен тамақтану, тамақ ішкенде қасықты пайдалану, горшокқа сұрану. Киімдері міндетті түрде өзіне ыңғайлы болуы шарт: шалбар не болмаса шорты замоксыз, белдеушесіз.	<i>Ата –аналарға кеңес</i> - үйдегі жағдайда баланың өзіне - өзі қызмет студің алғы шарттарына үйрете беріңіз: жуыну, қолын сүрту, шешіну, өз бетімен тамақтану, тамақ ішкенде қасықты пайдалану, горшокқа сұрану. Киімдері міндетті түрде өзіне ыңғайлы болуы шарт: шалбар не болмаса шорты замоксыз, белдеушесіз.	<i>Ата –аналарға кеңес</i> Егер Сіздің балаңыз көпшіл, өз-жақындарыңыз бен бірге бөтен адамдарды жатырқамаса, ойын кезінде өздігімен ойнай білсе, мінезі ашық, өз құрдастарымен мейрімді болса мектепке келген күннен бастап – ақ үйреніп кететіне сеніңіз.
---	---	---	--	--	--

Мектепалды 0 «А» сыныбының тәрбиешісі: Капашова Ж.С.